

Ақпараттық-насихаттық топты Ішкі істер министрі бастап келді

8 ақпан 2013 | 15:02 | Қоғам | Қаралған: 2450 | Пікірлер: 0



Облыстық әкімдікте Елбасы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауын өңір жұртшылығына насихаттау мақсатымен облысқа келген республикалық ақпараттық-насихаттық топтың жетекшісі, Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов облыс активімен кездесті. Бұл кездесуге облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қатысты.



– «Қазақстан – 2030» Стратегиясының елімізде жүзеге асырылуын қорытындылар болсақ, Қазақстан өзге мемлекеттермен терезесі тең, заманауи мемлекет болып қалыптасқандығын көре аламыз. Дегенмен, мемлекетіміздің болашақ дамуы бүгінгі таңда әлемдегі болып жатқан құбылыстарға бейжай қарамауды талап етеді. Осыған байланысты туындайтын үлкен міндеттерді іске асыруға байланысты «Қазақстан – 2050» жаңа Стратегиясы әзірленіп, жария етілді.

«Қазақстан – 2050» стратегиялық жосарту мақсаттарының ішіндегі VII бағыттағы үлкен мерзімді қамтыған тұрақты даму жолын айқындайтын «Ақпараттық-насихаттық топты Ішкі істер министрі бастап келді» дегендігінің маңыздылығын жергілікті халыққа түсіндіру мақсатында 500-ден астам ақпараттық-насихаттық топ құрылып, олардың құрамында үш жарым мыңнан астам адам жұмыс істеуде. Халыққа Президенттің Жолдауында айтылған негізгі мақсаттардың маңыздылығы түсіндірілуде. Өңірдегі барлық бұқаралық ақпарат құралдары да меншік түрлеріне қарамастан Елбасының Жолдауында айтылғандарды кеңінен насихаттауда.

Сонымен қатар, Жолдауға байланысты көптеген сұрақтар қазіргі таңда өткізіліп жатқан барлық деңгейдегі әкімдердің есеп беру жиындарында да кеңінен талқылануда. Сондықтан Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ халыққа жолдаған Жолдауын тұрғындарға насихаттау мен түсіндіру жұмыстары лайықты көлемде атқарылып жатыр деуге толық негіз бар. Біздің өңірге кезінде облыстық ішкі істер департаментін басқарған, еліміздің Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтың басшылығымен республикалық ақпараттық-насихаттық топтың келуі қуанарлық жағдай. Сондықтан тұрғындармен өткізілетін кездесулердің нәтижелі боларына сеніміміз мол, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ.

Айта кетерлік бір жайт, ақпараттық-насихаттық жұмыстардың маңыздылығы ескеріле отырып, өңірдегі жұртшылықпен кездесулер Өскемен, Семей, Риддер секілді ірі өндірістік қалаларда ғана емес, сонымен қатар, Шемонайха, Глубокое, Ұлан, Тарбағатай, Абай, Бесқарағай, Көкпекті және Бородулиха аудандарының елді мекендерінде де өткізілуіне баса мән беріліп отыр.

– Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылғандарды жете түсіне білу, оның ішінде ерекше басымдық берілген 10 негізгі бағыттың орындалуына баса мән беру – аса маңызды. Біз өзімізге бекітіліп берілген уақыттың шеңберінде Шығыс Қазақстан облысында болып, жұртшылықпен кездесеміз. Менімен бірге түрлі салалық министрліктер өкілдерін қамтыған 11 адам Шығысқа келіп отыр. Олардың бәрі облыстың аудандарына шығып, тиісті жұмыстарды атқаратын болады. Стратегияның мақсатын түсіндірумен бірге, біздің салалық ведомствоға қатысты туындаған мәселелерді де шешуге тырысатын боламыз. Яғни, соған орай өздерін толғандырған мәселелері бойынша азаматтарды жеке қабылдау ұйымдастырылатын болады, – деді республикалық ақпараттық-насихаттық топтың жетекшісі, Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов кездесуде.

Дәурен Аллабергенұлы